

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3-деңгейдегі СМЖ құжаты	2016 жылғы «08» шілде №2 басылым	Е 029-04.14.2.70.09-2016

**Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу
университетінде ғылыми-зерттеу жұмысы (ҒЗЖ)
немесе ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық
жұмыстар (ҒЗТКЖ) туралы аралық және қорытынды есептерді
сараптамадан өткізу тәртібі жөніндегі**

ЕРЕЖЕ

Е 029.04.14.2.70.09-2016

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІР-ЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

«27» 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

«4» 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

«1» 07 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

«30» 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын

бағалау басқармасының бастығы

«20» 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

камтамасыз ету бөлімінің бастығы

«28» 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

3 Ректордың 2016 жылғы «08» 07 №254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
3 ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ ұйымдастыру және бағалау тәртібі	6
4 ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жөніндегі аралық және қорытынды есептерді сараптау тәртібі	7
А Қосымшасы	9
Б Қосымшасы	10
Өзгерістерді енгізу парағы	11

1 Жалпы ереже

1.1 Осы Ережеде Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде (бұдан әрі - Университет) ғылыми-зерттеу жұмыстарының немесе тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың (бұдан әрі – ҒЗЖ и ҒЗТКЖ) есептерін аралық және қорытынды ішкі сараптама өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 Үргелі және қолданбалы зерттеулердің, инновациялық жобалардың, мемлекеттік ғылыми-техникалық бағдарламалардың, сонымен қатар республикалық бюджеттің, жергілікті бюджеттің, бюджеттен тыс қорлардың есебінен қаржыландырылатын жеке келісім шарттардың аясында орындалатын ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде аяқталған аралық және қорытынды есеп берулер бағаланады.

1.3 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде аралық және қорытынды есептердің ішкі сараптамасы олардың қайталануын болдырмау мақсатында, тиімділікті арттыру, ғылыми және тәжірибелік маңыздылығын анықтау, ғылыми жетістіктерді тәжірибеге ендіру мерзімін жеделдету, алынған нәтижелерді шығындалған ресурстармен салыстыру және Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін жетілдіру мақсатында іске асырылады.

ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде аралық және қорытынды есептердің ішкі сараптамасы келесі сыртқы мемлекеттік сараптамалардан теріс баға алмауға мүмкіндік береді.

1.4 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде есептерді сараптамадан өткізу кезінде ҒЗЖ не ҒЗТКЖ бойынша алынған нәтижелердің Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) экономиканың басым секторларына сәйкестегі бағаланады, сонымен қатар өзектілігі, ғылыми жаңалығы, ғылыми және қолданбалы маңыздылығы, экономикалық тиімділігі бағаланады.

1.5. Әділдік мақсатында ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде аралық және қорытынды есептердің ішкі сараптамасы шеткі ұйымдардың сарапшылары берген рецензияның негізінде іске асырылады және «Ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы» АҚ жасаған Антиплагиат жүйесінде тексерілген нәтижелердің және олардың кафедра отырысында (зертханада, ғылыми орталығында, ҒЗЖ орындалған жерде) және бейінді институтта қаралуы.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы ереже келесі нормативтік құжаттарға сәйкес жасалды:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазанындағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтер нәтижесін коммерциялау туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Интеллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 Министрдің бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Стратегиялық жоспары;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы,

ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2016 жылдың 6-шы маусымындағы №315 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізумен;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 04 маусымындағы №579 «2020 жылдарға Қазақстан Республикасының инновациялық дамытудың Концепциясын бекіту туралы» Жарлығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсанындағы №1118 «2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы,

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– МЕСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есеп берулер;

– ҚР СТ МЕСТ Р 15.011-2005. Патентті зерттеулер туралы есеп берулер;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі «Қ.И.Сәтбаев

атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының регламенті;

– Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Даму Стратегиясы-2020, Университеттің Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 қаңтардағы № 7 хаттамасымен бекітілді;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2008. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ 1157-2002 «Жоғары кәсіпті білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі»;

– Салалық стандарттар ҚР СТ 1157-2002 «Жоғары кәсіпті білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі»;

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту реті.

3 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ ұйымдастыру және бағалау тәртібі

3.1 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөніндегі есептердің ішкі сараптамаларына ректор және жетекші проректор, Университеттің ғылыми –техникалық кеңесі (бұдан әрі - ҒТК) тапсырыс берушілер болып табылады.

3.2 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөнінде аралық және қорытынды есеп бекіту ішкі сараптамасы шеткі ұйымдардың сарапшылары берген рецензияның және «Ғылыми-техникалық сараптаманың ұлттық орталығы» АҚ жасаған Антиплагиат жүйесінде тексерілген нәтижелердің негізінде ҒТК шешімімен іске асырылады.

ҒЗЖ не ҒЗТКЖ жауапты хатшысы ҒТК-не ҒЗЖ не ҒЗТКЖ тақырыптарының аралық немесе аяқталған құжаттар пакетін (ҒЗЖ не ҒЗТКЖ туралы келісім-шарт және есеп беру, күнтізбелік жоспар) ұсынады.

Қажет болғанда, ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөніндегі есептер Университеттің басшысымен, жетекшілік ететін проректорымен іске асырылады.

3.3 Кеңестің отырыс хаттамасынан үзінді, сарапшылар сауалнамасы ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөніндегі есептердің ішкі сараптамалары Ғылым департаментіне тапсырылады.

3.4 Сараптама Қосымша А-да көрсетілгендей сараптама анкетасының формасына сәйкес ҒТК хатшысына ұсынылады. ҒТК кезінде сараптамалық топтан сараптама Қосымша Б-да көрсетілгендей сараптама анкетасының формасына сәйкес.

Негізгі жағдайда ҒТК отырысында сараптау қорытындысын қарастыру үшін Қосымша Б-да көрсетілгендей формаға сәйкес ұсынылады, ал басқа

жағдайда кафедра отырысы мен профилді институттың Ғылыми кеңесінің хаттамасы түрінде.

4 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөніндегі аралық және қорытынды есептерді сараптау тәртібі

4.1 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ жөніндегі есептердің ішкі сараптамалары келесі құжаттардың негізінде іске асырылады:

- ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ туралы есептер;
- ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ орындалуына келісім-шарт;
- техникалық (ғылыми) тапсырма;
- ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ орындаудың күнтізбелік жоспары;
- Жұмыс сметалық құнының калькуляциясы;
- Сыртқы ұйымның рецензиясы;
- кафедра немесе ғылыми құрылымның, сонымен қатар профилді институттың қорытындысы;
- ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ туралы есептерді Антиплагиат жүйесінде тексеру нәтижелері;
- ҒТК кезінде сараптамалық топтан сараптама қорытындысы.

4.2 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ туралы аралық есептің нәтижесі Ереженің Б-қосымшасында көрсетілген критерийлерға сәйкестігі (немесе сәйкессіздігі) бойынша бағалайды.

4.3 ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ туралы аралық және қорытынды есепті келесі критерийлер бойынша бағалайды (Б-қосымшасы):

- *алынған нәтижелердің жаңалығы* – жаңа ғылыми білімнің (ақпараттың), технологияның жаңалылығын айқындайды;
- *ғылыми маңыздылығы* – алынған ғылыми нәтижелердің ғылымның, ғылыми бағыттардың дамуына әсерін көрсетеді, алынған ғылыми нәтижелердің өндіріске, әлеуметтік салаға, экономикаға әсерін көрсетеді;
- *тәжірибелік маңыздылығы* - алынған ғылыми нәтижелердің тәжірибеге: өндіріске, оқу процесіне әсерін көрсетеді;
- *бұрын республикада, жақын және алыс шетелдердегі ұқсас зерттеулерден ерекшелігін айқындайды, ендіру деңгейі мен көлемі* - өндіріске ҒЗЖ немесе ҒЗТКЖ нәтижелерін ендіру көлемі мен масштабын айқындайды, *әлеуметтік-экономикалық және экологиялық маңыздылық* – халық шаруашылығындағы әлеуметтік, экономикалық және экологиялық әсерінің бар болуы көрсетеді;
- *нәтижелерді дәлелдеу дәрежесі* – зерттеулердің алынған нәтижелерінің ғылыми дәйектілігін сипаттайды; статистикалық дәйектілігін және зерттеу нәтижелерінің қайта жаңғыртылуын сипаттайды; қолданылған статистикалық өңдеу әдістерінің дәйектілігін және сенімділігін сипаттайды; салыстыру, адекватты бақылау, әдістемелік деңгей топтарының бар болуын көрсетеді. Нәтижелерді дәлелдеу дәрежесі өзгеретіндікке қарамастан, аяқталған

ҒЗТҚЖ-ны осы критерий бойынша бағалау кезінде «қабылданған стандарттарға сәйкестігі» немесе «қабылданған стандарттарға сәйкессіздігі» сапалық көрсеткіштері бойынша бағаланады.

• *ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жоспарына сәйкестігі* – есеп беруге қосылған жағдайлардың күнтізбелік жоспарға және ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ тапсырмаларына сәйкестігі сипатталады:

- *Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар;*
- *конференцияға қатысуы;*
- *Оқу урдісінде қолдану;*
- *жоба орындауда жас ғалымдардың (35 жасқа дейін) және бакалаврлардың қатысуы;*
- *ғылыми-педагогикалық кадрлар дайындау;*
- *Басқа көздерден зерттемелерге демеу көрсету;*
- *Алынған қаржыландыруға жасалынған жұмыстың сәйкестігі (алынған нәтижелердің және оларды табыстау ұжым құрамының орындаушыларын есепке алумен)*

А қосымшасы

САРАПШЫНЫҢ САУАЛНАМАСЫ

1. Аты-жөні, әкесінің аты
2. Ғылыми дәрежесі, атағы
3. Сарапшының жұмыс істейтін ғылыми саласы
Жұмыс орны
4. Лауазымы
5. Туылған күні
6. Жеке куәлігінің: № _____, берілген күні _____ . 20 ж., кім-мен берілді _____
7. Тіркелген мекенжайы: _____
8. ЖИН

9. Телефоны, E-mail _____
10. Өткізілген сараптаманың төлемақысын жіберу үшін банктік деректемелер

Сарапшының қолы, күні

Б Қосымшасы

**ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жөніндегі аралық және қорытындық есептердің
САРАПШЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ**Сараптаманың мәнісі: жобаның ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жөніндегі аралық және қорытынды
есебі

№ _____ « _____ » _____

жоба жетекшісі: _____

ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жөніндегі есептер келесі мәселелер айқындалуы тиіс:

*алынған нәтижелердің жаңалығы**ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы**ендіру деңгейі мен көлемі**әлеуметтік-экономикалық және экологиялық маңыздылығы**нәтижелердің дәлелдеу дәрежесі**ҒЗЖ немесе ҒЗТҚЖ жоспарына сәйкестігі**түйіндеме*

Сарапшы _____

Қолы

_____ аты-жөні, бірінші әріптері

« ____ » _____ 20 ____ ж.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы